

**Акабаева Мадина Отановнаның 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ тіліндегі медиаәетіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)» тақырыптағы диссертациясына ресми рецензенттің ПІКІРІ**

p/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы №988 Қаулысы) және Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 Қаулысы) аясында орындалған.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация балаларға арналған қазақтілді телебағдарламалар тілі бойынша жазылған алғашқы ғылыми зерттеу ретінде ғылымға елеулі үлес қосады. Жұмыстың маңыздылығы дәлелденген: кіріспе бөлімде жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы толыққанды көрсетілген, нәтижелері тіл білімінің теориялық мәселелерін дамытуға мүмкіндік береді. Еңбекте алғаш рет балаларға арналған қазақтілді телебағдарлама мәтіндері антропоэекті парадигма

			аясында қарастырылып, лингвокогнитивтік тұрғыда талданған. Балаларға арналған телебағдарламалар тіліндегі символдар, концептуалды метафоралар, тұрақты тіркестер сияқты когнитивтік бірліктердің қазақ медиабейнесін түзудегі танымдық қызметі зерделенген. Балаларға арналған телемәтіндер тілінде кездесетін паремиялық бірліктер мазмұнындағы ұлттық код айқындалып, балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейтін концептілердің менталды сипаты ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан тұрады. Ізденуші алға қойған мақсат-міндеттерге жету үшін зерттеудің өзектілігін айқындап, нақты міндеттерді саралап көрсеткен. Ізденіс барысында жасаған тұжырымдарында дербес пікір-пайым бар.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда қозғалған мәселелер өзекті. Ұсынылып отырған еңбек бұрын арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Зерттеу жұмысының өзектілігі балаларға арналған қазақтілді телебағдарламалар тілінің зерттелмеген тың тақырып болуымен, сонымен қатар телемәтіндерді антропоөзекті парадигма аясында қарастырудың қазіргі тіл біліміндегі зерттеуді қажет ететін маңызды мәселе болуымен анықталады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны тақырыпты айқындайды. Оның ішкі мазмұны, құрылымы жүйелі. Бірінші тарауда медиамәтіндерді лингвистикалық тұрғыда зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері сипатталған, медиамәтін ұғымының интерпретациясы, типологиясы, негізгі категориялары зерделенген. Балаларға арналған қазақтілді телемәтіндердің тақырыптық-жанрлық түрлері сараланған. Жұмыстың екінші тарауында балаларға арналған қазақтілді телемәтіндердің негізгі тілдік ерекшеліктері дәйектеліп, телемәтіндер тілін концептілер жүйесіне және тілдік бірліктердің танымдық қызметіне талдау жасау арқылы медиамәтіндердің лингвокогнитивтік сипаты анықталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияда белгіленген барлық міндеттер толық орындалған.

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның бөлімдері бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысқан. Құрылымы, тарау мен тараушалар арасындағы логикалық қисындылық бар.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертацияда телебағдарламалар мәтіндегі лингвокогнитивтік бірліктерге кешенді лингвистикалық талдау жасалған. Соның негізінде ұсынылған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдау бар.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жаңа болып табылады. Ізденуші алға қойған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Диссертацияда алғаш рет қазақ тіліндегі балаларға арналған медиамәтіндер антропоэкті парадигма аясында қарастырылып, лингвокогнитивтік аспектіде зерттелген.</li> <li>2. Балаларға арналған қазақ медиамәтіндерінің түрлері сараланып, жанрлық-тақырыптық топтарға жіктелген, лингвомедиалық ерекшеліктері анықталған.</li> <li>3. Телебағдарлама мәтіндеріндегі символдар, концептуалды метафоралар, тұрақты тіркестер сынды когнитивтік бірліктердің қазақ медиабейнесін түзудегі танымдық қызметі айқындалған.</li> <li>4. Медиамәтіндерде ұшырасатын паремиялық бірліктер мазмұнындағы ұлттық код айқындалған.</li> <li>5. Балаларға арналған отандық телебағдарламалар мәтіндегі балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейтін концептілердің менталды сипаты ашылған.</li> <li>6. Медиамәтіндердегі «балалық шақ», «туған жер», «достық» концептілерінің когнитивтік моделі құрылып, концептілік өрісі айқындалған.</li> </ol>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдар шығарылған:</p> <p>1. Медиамәтіндерді тіл білімінің когнитивтік, прагматикалық, лингвомәдени, этнолингвистикалық т.б. бағыттарына сәйкес кешенді зерттеу бүгінгі таңдағы медиалингвистика саласының міндеті болып табылады. Осыған орай медиалингвистиканың зерттейтін мәселелеріне медиамәтіндердің тілдік сананың қалыптасуына ықпалы, функционалдық және стильдік ерекшеліктері; прагматикалық қызметі; медиамәтін және медиадискурстың арақатынасы; медиамәтіндердің когнитивтік сипаты; медиамәтіндердің концептілік жүйесін айқындау жатады.</p> <p>2. Медиамәтіндердің негізгі белгілері: медиалық, ақпараттық, ашықтық, мәдени детерминизм. Медиамәтіндерді медиалық таралу әдісі; жасалу тәсілі; пәні және қызмет түрі; стилі мен тақырыбы; дискурс бойынша бірнеше түрге жіктеуге болады. Балаларға арналған медиамәтіндер медиалық (ақпараттық), фасцинация (тартымдылық), мультимодальдық, аксиологиялық, прагматикалық, интегративтік, интерпретациялық сипаттарға ие.</p> <p>3. Балаларға арналған медиамәтіндер жас ерекшеліктеріне байланысты: Бөбектерге арналған (0-3 жас); Мектепке дейінгі (3-7 жастағы) балаларға арналған; Кіші мектеп жасындағы (7-11) балаларға арналған; Жеткіншек жастағы балаларға арналған (11-15) телемәтіндер. Жанрлық-спецификалық түрлері: танымдық-ақпараттық, оқу-танымдық, ойын-сауық шоу бағдарламалар, спорттық көркем медиа.</p> <p>4. Медиамәтін – әлемнің медиабейнесін жасаушы негізгі фактор. Балаларға арналған телебағдарлама мәтіндеріндегі символдар, концептуалды метафоралар, тұрақты тіркестер қазақ медиабейнесін түзуге қызмет етеді. Балаларға арналған медиамәтіндердегі фразеологизмдер – бала санасында дүние туралы фразеологиялық білімді сақтайтын әрі жүйелейтін құрал. Медиамәтіндердегі символдардың танымдық негізі – уәжділік.</p> <p>5. Паремиялық бірліктерді антропоэзеттік бағытта зерттеу олардың ұлттық код ретінде танылуына жол ашады. Ұлттық код халықтың ой-танымын, наным-сенімі мен дүниеге көзқарасын, ұлттық болмысын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші мақал-мәтелдер мазмұнында сақталған.</p>
--	--	--	--

			<p>Медиаөміндердегі мақал-мәтелдер – халықтың болмыс-бітімі, табиғаты, тәлім-тәрбиесі мен әлеуметтік тыныс-тіршілігі, материалдық және рухани әлемі, жалпы тарихи қалыптасуы жайлы ақпараттардың жиынтығы.</p> <p>6. Медиаөміндердегі «дала», «шанырақ», «камшы» концептілері бала санасындағы қазақы ұлттық таным мен дәстүрлі тұрмыс-салты арқылы модельденіп, ұлттық ерекшеліктермен кодталған ұғымдар арқылы репрезентацияланады. Медиаөміндерде «балалық шақ», «туған жер», «достық» концептілерінің метафоралық модельдері мен фреймдік құрылымдары балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	75% жаңа болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p>	<p>7.1 Бірінші қағидат дәлелденген. Диссертацияда балаларға арналған қазақтілді телебағдарламалар тілі лингвокогнитивтік аспектіде зерттеудің өзектілігі айқындалған;</p> <p>Екінші қағидат дәлелденген. Зерттеу жұмысында балаларға арналған қазақ медиаөміндерінің түрлері сараланып, жанрлық-тақырыптық топтарға жіктелген, лингвомедиалық ерекшеліктері тілдік деректер арқылы дәлелденген;</p> <p>Үшінші қағидат дәлелденген. Диссертацияда символдар, концептуалды метафоралар, тұрақты тіркестер сияқты когнитивтік бірліктердің қазақ медиабизнесін түзудегі танымдық қызметі балаларға арналған телеөміндер негізінде айқындалған;</p>

	<p>1) ия; 2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	<p>Төртінші қағидат дәлелденген. Жұмыста медиаәетіндерде ұшырасатын паремиялық бірліктер мазмұнындағы ұлттық код айкындалған;</p> <p>Бесінші қағидат дәлелденген. Диссертацияда телебағдарламалар мәтіндегі балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейтін концептілердің менталды сипаты ашылған;</p> <p>Алтыншы қағидат дәлелденген. Зерттеуде «балалық шақ», «туған жер», «достық» концептілерінің когнитивтік моделі құрылып, концептілік өрісі айкындалған.</p> <p>7.2 Бірінші қағидат тривиалды емес. Себебі балаларға арналған казактілі телебағдарламалар тілі алғаш рет диссертациялық деңгейде зерттелген;</p> <p>Екінші қағидат тривиалды емес. Жұмыста казактілі телебағдарламалар тілі бірінші рет лингвокогнитивтік аспектіде қарастырылған;</p> <p>Үшінші қағидат тривиалды емес. Когнитивтік бірліктердің казак медиабейнесін түзудегі танымдық қызметі алғаш рет балаларға арналған телеәетіндер негізінде талданады;</p> <p>Төртінші қағидат тривиалды емес. Жұмыста медиаәетіндерде ұшырасатын паремиялық бірліктер мазмұнындағы ұлттық код алғаш рет зерттеу нысанына іліккен;</p> <p>Бесінші қағидат тривиалды емес. Өйткені телебағдарламалар мәтіндегі балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейтін концептілердің менталды сипаты бұрын-соңды ғылыми тұрғыда зерттелмеген.</p> <p>Алтыншы қағидат тривиалды емес. Зерттеуде алғаш рет медиаәетіндердегі «балалық шақ», «туған жер», «достық» концептілерінің метафоралық модельдері мен фреймдік құрылымдары айкындалған;</p> <p>7.3 Жұмыста ұсынылған барлық қағидаттар жаңа болып табылады. Себебі балаларға арналған казактілі телебағдарламалардың лингвокогнитивтік аспектісі ғылыми диссертация деңгейінде алғаш рет зерттеліп отыр.</p> <p>7.4 Жұмыста ұсынылған барлық қағидаттардың қолданылу деңгейі кең.</p>
--	--	---

			<p>7.5 Диссертациядағы бірінші қағидат төмендегі мақалаларда дәлелденген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазіргі қазақ медиамәтіндерінің әлеуметтік және когнитивтік ерекшелігі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. Филология сериясы. – № 8. 2020. – Б. 161-165;</li> <li>- Медиакommunikацияның лингвистикалық мәселелері // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы. Филология сериясы, №1(64). – Алматы, 2022. – Б. 21-34;</li> <li>- Медиадискурс лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде // Торайғыров университеті Хабаршысы. Филология сериясы. – № 3. – Павлодар, 2022. – Б. 22-31.</li> </ul> <p>Екінші және үшінші қағидаттар төмендегі мақалаларда дәлелденген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларға арналған медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі // Тюркская лингвокультурология: проблемы и перспективы. Материалы XV Международной научно-практической конференции. – Казань, 2024.</li> <li>- Балаларға арналған медиамәтіндердің тілдік-стилистикалық ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. М.Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «Мырзатай Серғалиев және филология мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2023. – Б. 86-91.</li> </ul> <p>Төртінші қағидат «Балаларға арналған медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі» (Тюркская лингвокультурология: проблемы и перспективы. Материалы XV Международной научно-практической конференции. – Казань, 2024) атты мақалада дәлелденген.</p> <p>Бесінші және алтыншы қағидаттар мына мақалаларда дәлелденген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Медиамәтін – әлемнің медиабейнесін жасаушы негізгі фактор // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №4 (67). – Алматы, 2022;</li> <li>- Linguo-cognitive features of media texts for children (based on TV programs in Kazakh language) // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – № 4. – Павлодар, 2023. – Б. 3-5.</li> </ul>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысында мәтінді кешенді талдау әдісі, жинақтау, сұрыптау, салыстыру, сипаттау, қорытындылау сияқты жүйелік талдау әдістері мен концептуалдық талдау, когнитивтік интерпретация, метафоралық модельдеу, фреймдік талдау, контент-талдау,

	ақпараттың дәйектілігі		сипаттамалық-аналитикалық, статистикалық әдістер қолданылған. Зерттеудің ғылыми-әдістанымдық негіздерін М. Мантгомери, Н. Фейерклав, Р. Фаулер, Т.Г. Добросклонская, Т.А. ван Дейк, В.И. Карасик, М. Серғалиев, Қ.Ө. Есенова, Д. Бисмильдина, Г. Машинбаева, Ф.З. Жақсыбаева, Б.А. Ахатова, Б. Момынова; В.А. Маслова, Е.С. Кубрякова, В.З. Демьянков, Дж. Лакофф, Н.Д. Арутюнова, М.В. Пименова, Б. Шалабай, Ф. Әнес, Г. Смағұлова, Ж. Манкеева, Э.Д. Сулейменова, Қ. Жаманбаева, Э. Оразалиева т.б. шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері құрайды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда қол жеткізілген теориялық қорытындылар кешенді лингвистикалық зерттеулермен анықталған, балаларға арналған қазақтілді телебағдарлама мәтіндерінің лингвокогнитивтік сипаты нақты тілдік фактілермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Қазақ тіл білімінде медиалингвистика, когнитивті лингвистика, мәтін лингвистикасы саласын әрі қарай дамытуға, медиамәтіндерді лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу мәселелерін шешуге, сонымен қатар когнитивті

			лингвистиканың жекелеген мәселелерін зерделеуге белгілі бір дәрежеде өзіндік үлес қоса алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындыларын медиалингвистика саласындағы ғылыми зерттеулер жасауға, жоғары оқу орындарында «Медиалингвистика», «Когнитивті лингвистика», «Мәтін лингвистикасы» сияқты курстарды жүргізуге және оқу құралдарын жазу барысында қолдануға болады. Сонымен қатар зерттеу материалы мен нәтижелерін докторлық, магистрлік, дипломдық және курстық жұмыстарды жазу барысында басшылыққа алуға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалатын зерттеудің талаптарына сәйкес келеді. Академиялық жазу сапасы жоғары. Белгілер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі берілген. Жұмыс дербес орындалған, толыққанды ғылыми еңбек болып табылады.

**ШЕШІМ:** Ізденушінің 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)» тақырыптағы диссертациясы ғылыми-зерттеу жұмысының жазылу талаптарына сай келетін ғылыми еңбек болып табылады. Сондықтан оның иесі Акабаева Мадина Отановнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаймын.

Ресми рецензент  
Филология ғылымдарының кандидаты,  
Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры

17.06.2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚОЛЫН РЕСІМДІ АЙЫРҒАН  
ПОДПИСЬ *Ергалиев К.У.*  
ПЛЕ БАСТАҒЫ / НАЧАЛЬНИК ОФИСА  
Н.Ә.Б. Әлімқұлов атындағы Павлодар педагогикалық университеті  
Ергалиев Қуаныш Советұлы